

- 5 Готвальд К. О чехословацкой внешней политике. – Прага, 1948
- 6 Руде Право. 11 июля 1947 года
- 7 Ripka H. Le coup de Prague – P., 1949, – P. 108.
- 8 Korbel J. The Failure Coexistence – P., 1956, – P. 116.
- 9 Svobodné slovo, 22. УП. 1947.
- 10 Laušman B. Kdo byl vinen? – V., 1953, – S. 46.

АУҒАН ШИЕЛЕНІСІН РЕТТЕУДЕГІ ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ РӨЛІ

Төлеухан А.С., магистрант,

Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор

С.Б. Стамбулов

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

Өзімізге белгілі, АҚШ пен НАТО әскерлерінің Ауғанстаннан шегіне бастағанда күшейе түскен «Талибан» қозғалысы 2021 жылы 15 тамызда күтпеген жылдамдықпен Ауған астанасы Кабулды соғыссыз басып алып, бүкіл әлемді тағы да тіксіндірді. Ауғанстан үкіметі құлап, Талибан елдің басым бөлігін бақылауға алған соң Ауғанстанда күрделі хаос орнады. Талибанның 20 жылдан кейін Ауғанстанда билікті қайта басып алуы әлем мемлекеттерінің, соның ішінде ШЫҰ-на мүше-мемлекеттердің назарда ұстаған өзекті мәселелерінің біріне айналды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) 20 жылдың ішінде өзінің қызметі барысында аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосып, достық қатынастардың нығаюына ықпал етіп, халықаралық аренада маңызды және айтарлықтай ықпалы бар ұйым ретінде орнықты.

Өзімізге белгілі, 2001 ж. 15 шілдеде Шанхайда «Шанхай үрдісінің» мемлекет басшылары және оған қосылған Өзбекстан, ШЫҰ құру жөніндегі Декларацияға қол қойды Аталған ШЫҰ құру жөніндегі Декларацияда «Ұйымға мүше мемлекеттер арасында саяси, сауда-экономикалық, мәдени, білім, энергетика, транспорт, экология салалары бойынша тиімді ынтымақтастықты дамытуды» мақсат еткен. Біздің ойымызша, бұл «Шанхай үрдісінің» халықаралық мәртебесінің жоғарлауын және алты мемлекеттің арасындағы

аймақтық ынтымақтастықты дамытудың қазіргі заманғы жаңа және берік алаңының қалыптасуының басталуын көрсетіп берді [1].

Осымен қатар, 2017 ж. 9 маусымында Астанада өткен ШЫҰ-ның Саммитінде Ұйымға Үндістан мен Пәкістанның толық құқылы мүше мәртебесін алуы ШЫҰ үшін жаңа мүмкіндіктер ашып берді және оның беделі арта түсті. Үндістан мен Пәкістанның ШЫҰ-на қабылдануы Ұйымның халықаралық беделінің жоғарлауында қосымша маңызды рөл атқарды. Сондықтан, қазіргі уақытта ШЫҰ-мен ынтымақтастықты дамытуға көптеген мемлекеттер қызығушылық танытып отыр. Үндістан мен Пәкістанның тұрақты мүшесіне айналуының нәтижесінде және Ұйым құрамының кеңеюінің арқасында ШЫҰ тарихының жаңа кезеңі басталды. ШЫҰ-ның кеңеюі және 2009 ж. өзінің қызметін тоқтатып тастаған «ШЫҰ-Ауғанстан» Байланыс тобы қызметінің 2017 ж. қайта іске қосылуы ШЫҰ-ғы күштердің жаңадан жайғасуын және Ұйымның тиімділігі мен міндеттерінің өлшемдерін қарастыруға мүмкіндік тудырады.

Осылайша, біріншіден, ШЫҰ-ның құрамының кеңеюінің арқасында, екіншіден, «ШЫҰ-Ауғанстан» Байланыс тобы қызметінің қайта іске қосылуы және аймақта бөлінбейтін, берік, жалпыға ортақ қауіпсіздік архитектурасын құру бірінші орында екендігі атап көрсетілген. ШЫҰ-ның 2025 жылға дейінгі Стратегиясының қабылдануына байланысты Шанхай ынтымақтастық ұйымының жаңа перспективалары айқындалды. ШЫҰ-ның негізгі мақсаттарының бірі — Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық және аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болғандықтан Ұйымның қауіпсіздік саясаты ауған мәселесін реттеуден бөлінбейді. ХХІ ғ. алғашқы он жылдығынан бастап Орталық Азия аймағындағы тұрақтылықтың қамтамасыз етілуі Ауғанстандағы әскери-саяси шиеленіспен тікелей байланысты.

Қазіргі уақытта Ауғанстандағы жағдай күннен-күнге қиындай түсуде: мемлекетте параллелді екі «президенттің» Ашраф Гани мен Абдулла Абдулланың билігі орнатылды, 2020 ж. 29 ақпанда АҚШ пен «Талибан» арасындағы қол қойылған бейбіт келісімшарт ережелері Кабул тарабынан орындалмай жатыр, коронавирус індетіне шалдыққандар саны өсуде. Шанхай ынтымақтастық ұйымы Ауғанстанның болашақтағы әлеуметтік-экономикалық дамуына және ондағы жағдайларды реттеуге ықпал етуге мүмкіндігі бар ұйымдардың бірі болып саналады. Мұның дәлелі ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің (Қытай, Ресей) саяси және әлеуметтік қуаты, ұйымға

мүше мемлекеттердің географиялық жағынан Ауғанстанға жақын орналасуы, Ауғанстандағы жағдайдың реттелуіне деген қызығушылықтың болуы және ШЫҰ-ның жаһандық мәселелерді, осымен қатар Ауғанстан ошағы саналатын терроризм мәселелерін шешуге қабілеті бар ұйым ретіндегі ұстанымдары бола алады. Осындай аталған жағдайларды ескере отырып, қазіргі кезеңдегі Шанхай ынтымақтастық ұйымының дамуының жаңа кезеңін және ондағы Ауғанстан мәселесінің алатын орнын зерттеудің маңызы зор.

ШЫҰ өзінің құрылуының алғашқы кезеңінен бастап өзінің мүше-мемлекеттері үшін қауіп-қатер төндіретін Ауғанстандағы тұрақсыздық жағдайының дамуына ерекше мән беріп келеді. Сондықтан, Ауғанстаннан шығатын террористік және наркотрафик қауіп-қатері жағдайында ШЫҰ-ның ауғандық реттеулерге деген ұмтылысы өседі.

Осымен бірге, 2004 ж. ШЫҰ-ның Ташкентте өткен саммитінде құруға шешім қабылданған ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобы механизмінің маңызы бар. 2005 ж. 4 қарашасында Пекинде өзара қызығушылық танытатын мәселелер бойынша ынтымақтастықтың ұсыныстарын өңдеуді мақсат ететін ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобын құру жөніндегі Хаттамаға қол қойылған. Бастапқыда Байланыс тобының қызметін ШЫҰ Хатшылығы немесе Пекиндегі Ауғанстан елшілігінің базасында жүргізу жопарланған болатын. Топтың құрамы ШЫҰ мүшелерінің тұрақты өкілдерінен, ШЫҰ Хатшылығы қызметкерлері мен ҚХР-ғы Ауғанстан елшілігінің аға дипломаттарынан құралды. 2006 ж. 15 мамырында ШЫҰ мүше мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері Кеңесінің шешіміне сәйкес Байланыс тобындағы өкілдердің жұмыс регламенті бекітілді. Онда ШЫҰ өкілдерінің отырысында бір ұстанымға келу, ал егер бір мемлекеттің тарабынан белгілі бір ұстаным бойынша келіспеушілік туындаса бұл келісілмеген деп есептеліп, Байланыс тобының отырысына шығарылмайтындығы туралы мәлімделген болатын. Мұндай жағдайлар ауған мәселесін шешудегі ШЫҰ-ның мүмкіндіктеріне тежеу қойды.

2017 ж. қазанындағы Мәскеуде өткен ШЫҰ мүше-мемлекеттері жетекшілерінің кездесуі барысында Сыртқы істер министрлерінің деңгейінде және ШЫҰ-ның Үндістан мен Пәкістанның есесіне кеңеюі көлемінде «ШЫҰ-Ауғанстан» Байланыс тобының қызметі қайта іске қосылды. Осы кездесудің барысында есірткі заттарының заңсыз айналымға енуі, Сириядан Ауғанстанға өтетін боевиктар

ағымы және Ауғанстанның экономикасын қалпына келтіру үшін көмек көрсету мәселелері қарастырылды. Осымен бірге, ШЫҰ-Ауғанстан Байланыс тобы Ауғанстан бойынша жұмыс жасайтын басқа келіссөз алаңдарын қайталамайтындығы және Байланыс тобының қызметіне Иран мен Түрікменстанды тарту мәселелері талқыға салынды.

2018 ж. 9 қарашасында Ауғанстан мәселесі бойынша келіссөздердің мәскеулік форматының екінші отырысы өтті. Бұл келіссөз үрдісіне Ресей, Ауғанстан, Қытай, Пәкістан, Иран, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және АҚШ мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері мен арнайы өкілдері, осымен қатар, алғаш рет халықаралық деңгейдегі кездесуге Шер Мұхаммед Аббас бастаған Дохадағы «Талибан» қозғалысының Саяси офисінің делегациялары қатысты. Мәскеу форматының екінші отырысының маңызды нәтижелерінің бірі — талибтардың ауғанстанның саяси партияларымен тікелей келіссөздер жүргізуге дайын екендігін мәлімдеуі болды. Толықтай алғанда, Мәскеу форматының екінші отырысы Ауғанстан бойынша бейбіт келіссөздер бойынша күштердің орналасуына айтарлықтай ықпал етті. Осы келіссөзден соң, ауған мәселесі бойынша аймақтың консолидациясы күшейген кезде АҚШ өз әрекеттерін Ресеймен біріктіретіндігін мәлімдеді және Ауғанстандағы ымыраға келу мәселесі бойынша АҚШ Мемлекеттік департаментінің арнайы өкілі Залмай Халилзад бірнеше рет Мәскеуге іс-сапармен келген болатын [2].

2018 ж. 28 қаңтарында қабулдық үрдіс шеңберіндегі екінші кездесу өтті және бұл кездесуде қарулы оппозициямен татуласу үрдісін регламенттейтін бағдарлама ұсынылды. Бағдарламада Ауғанстан үкіметі зорлық-зомбылықты тоқтатқан және Кабулмен бейбіт келісімге қол қойған жағдайда «Талибан» қозғалысын саяси күш ретінде мойындайтыны, тұтқынға түскен талибтерді босату және радикалық топқа қарсы бағытталған санкциядан бас тарту мәселелері қамтылған. Бұл құжатта бейбіт келісімге талибтардың адам құқығын сақтайтындығы, Ауғанстан конституциясын, құқық қорғау органдары мен азаматтық мекемелердің құзыретін мойындайтыны жөнінде бөлімдердің енгізілуі мәлімденген.

2021 ж. шілдеде Душанбеде Шанхай Ынтымақтастық ұйымы мүше-мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысы өтті. Бұл отырыста дипломаттар ұйымның 20 жыл ішіндегі қызметін қорытындылап, халықаралық және аймақтық өзекті мәселелерді

талқылады. Бұған қоса, «ШЫҰ – Ауғанстан» Байланыс тобының отырысында Ауғанстандағы жағдай талқыланды. Сыртқы істер министрлері жауласушы тараптарды республика шекарасындағы аудандарға тұрақсыздық әкелетін әрекеттерге бармауға, күш қолданбауға шақырды. Отырыс қорытындысы бойынша қабылданған бірлескен мәлімдемеде Шанхай Ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің терроризм, сепаратизм мен экстремизмге қарсы күш біріктіруі маңызды екені атап көрсетілді.

Осылайша, қазіргі кезеңде ШЫҰ аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде қауіпсіздіктің ауғандық факторына үлкен мән беріп келеді. Дегенмен, ШЫҰ-ның Ауғанстандағы шиеленісті реттеудегі мүмкіндіктері уақытша шектеулі деген тұжырым шығаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества [ЭР]. – Режим доступа: <http://rus.sectesco.org/documents/>.

2 Евсеев В.В. О роли ШОС в урегулировании афганского кризиса на фоне договоренностей администрации Трампа с движением «Талибан» [ЭР]. Режим доступа: <http://www.materik.ru/rubric/detail.php? ID=104500>.

НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ: ОПРЕДЕЛЕНИЕ, СТРУКТУРА И ЗНАЧЕНИЕ

Тулесуова Б.Т., к.и.н., ассоциированный профессор,

Смагулова Н.С., магистрант

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова,
г. Караганда

В условиях глобализации одной из острых проблем, стоящих перед человечеством, является вопрос определения идентичности. Этот вопрос имеет огромное значение для настоящего и будущего любого национального государства, особенно для сохранения и укрепления единства его народа. В этой связи особую значимость приобретает анализ того, как различные группы населения, в частности его молодежная часть, воспринимают самих себя, к какой